Осы жерде «Қосдипломды» жоғары оқу орындарында білім беру экожүйесін дамыту мен ұйымдастыруды ерекше атап өтуге болады. Экономика және бизнес жоғары мектебі РУДН-мен (Ресей халықтар достығы университеті) ынтымақтастық орнатқан. «Қос диплом» бағдарламасы аясында экономика мамандығы бойынша магистранттар білім алады. Бұған қоса, Падуа университетімен (Италия) ынтымақтастық жолға қойылған.

Осылайша білім алмасу және ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыратын, сондай-ақ көлденең және тік байланыстарды қамтамасыз ететін түрлі институционалдық деңгейлерде (университеттер, колледждер, мектептер, қайырымдылық және коммерциялық ұйымдар) экономика мен қоғамның басқа секторларымен байланыстар орнатады. Зерттеулер мұндай субъектілерге негізінен қоршаған экожүйелік кеңістікті құрайтын университеттер жататынын растайды.

Айманкүл ЕРЕЖЕПОВА,
э.ғ.к., Экономика кафедрасының аға оқытушысы

ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің Механика кафедрасында «Тұрақты даму мақсаттары» жобасының аясында «Идеядан – бизнеске» деген тақырыппен ғылыми-танымдық іс-шара өтті. Факультеттің Ө.Жолдасбеков атындағы залында өткен кездесуді Механика кафедрасының 1-курс докторанттары А.Ошманова, М.Рахметоллақызы, А.Көмекбаев, А.Боранбаева және Сью Пэньюке педагогикалық практика аясында кәсіби бағдар беру мақсатында ұйымдастырды. «Идеядан – бизнеске» атты бұл кездесуге кафедраның 1-4 курс бакалавр және 1-2 курс магистратура студенттері, Механика кафедрасының меңгерушісі Д.Туралина және факультет деканының орынбасары Н.Досжан, педагогикалық практика жетекшісі А.Төлепбергенов қатысты.

Кәсіби бағдар беру дәрісі



Тұрақты даму мақсаттарында тұтас қоғамның алдында тұрған өзекті мәселелер толық қамтылады. Онда кедейлікті жою, мықты денсаулық және әл-ауқат, сапалы білім беру, құрлық экожүйелерін сақтау және т.б. тақырыптар бар. Осы мәселенің бәрі талқылана келіп, сегізінші мақсат ретінде көрсетілген «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу» бағыты біз таңдап алған «Идеядан – бизнеске» деген тақырыпқа сай келді. Студенттердің алған білімі, оқыған ілімі теориялық негіздемелер болып келеді. Ал оның түпкі мақсаты өмірде қолданып, жүзеге асырумен нақтыланады. Алдымен адамға санасында пайда болатын идея жетекшілік етеді. Одан кейін батылдық пен тәуекел бас көтереді. Осы қасиеттердің барлығы адам бойында жинала келе, қаракетке, іс-қимылға айналғанда ғана бизнес туындайды. Әрине, бизнес ашу оңай іс емес. Мұны анық сезген докторанттар өткізіп отырған сабағымыз студенттер мен магистранттарға ұғынықты болу үшін әртүрлі жанды өсер етуін көздеп арнайы екі қонақ шақырдық. Бұл басқосу студенттердің кәсіби салада, еңбек бағытында өзін-өзі жетілдіріп, жоспарын жүзеге асыруына серпін береді. Іс-шара барысында тұрақты даму мақсатына сәйкес, орнықты экономикалық өсімге қол жеткізу мән-жайы және өнімді жұмыспен қамту мәселесі, сондай-ақ баршаға лайықты жұмыс істеуге жәрдемдесу тенденцияларын талқылау сәтті ұйымдастырылды.

Кездесуге келген екі бизнес өкілінің бірі Дидар Болтаев – @distantia.kz, @1kurspro.official компанияларының негізін қалаушы. Дидар елде магистратураға түсе алмай қалған студенттерге өзінің «distantia.kz» атты оқу орталығында он-

лайн түрде көмек беру жұмысын жүргізеді. Студенттер құжаттар тапсырып, сол орталықта сынаққа қатысады. Жоғары бағам өткендері оқуға қабылданады. Оқу мерзімі аяқталған соң, дипломдарын қорғау үшін «distantia.kz» көмегімен тақырыптары бойынша таңдалған елдің жоғары оқу орнына барып, дипломдарын қорғайды.

Екінші қонағымыз – Нұрым Әбдіхалықов. Ол да Energymax group компаниясының негізін қалаған іскер азамат. Көптеген оқу орталықтарын ашқан кәсіпкер. Қарағандылық Нұрым бірнеше жыл бұрын шағын ғана бір орталық ашқан еді. Ол жиі білімін айналымға салып, оқу орталықтарын бұл күнде 14-ке жеткізіпті. Ағылшын тілін жақсы білетін анасының көмегімен батыл қимылдар арқылы жол тауып, жетістіктерге жетіп отырған талантты жас табыскер іскерге айналып отыр. Ол да заманының бизнес-коучер деңгейіне жеткен адам. Кәсіппен айналысқысы келетіндер одан кеңес алып, ақыл сұрайды. Бизнесін ұлғайтқысы, табысын еселей түсікі келетін жандарға орталығы арқылы орынды, үйлесімді бағыт-бағдар көрсетеді.

«Идеядан – бизнеске» деген бұл жолғы дәріс студенттердің ойына ой қосып, дамудың, өсудің соқпағына назар аударды. Кездесу соңы сұрақ-жауапқа жалғасып, көтерілген тақырып теңірегінде құнды мәлімет ортаға салынды. Әсіресе қос бизнесмен бұл күнге жеткенше басынан не өтті, қандай кедергілерге кездесті, оны қалай жеңді – сол туралы баяндап, жастарға ерекше мотивация берді.

Мәлдір САПАРОВА,
Механика кафедрасының 1-курс докторанты



Тұрақты даму идеяларының белсенді дамуы және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың цифрлық трансформациясы білім беру ұйымдарын ұзақ мерзімді даму бағдарламаларын қайта қарастыруға ынталандырады. Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ-4) контекстінде білім беру экожүйесін адамның өмір бойы білім алу мүмкіндіктері, қызметкерлердің цифрлық технологиялармен жұмыс істеу қабілеті (XXI ғасыр дағдыларының әмбебап жиынтығын қоса), соның ішінде күрделі мәселелерді шешу қабілеті, бейімділік пен коммуникациялық құзыреттілік сияқты жаңа қабілеті мен мотивациясына жаңа талаптарды қалыптастыратын жаппай стандартизациялаудан жаппай бірегейлікке көшу ретінде қарастыру керек.

Білім беру экожүйесінен жұмыс берушілердің үнемі өзгеріп отыратын талаптары, білім мен дағдылары деңгейін және олардың дамуының мүмкін болатын жолдарын ескеретін оқытудың дербестендірілген бағытын көздейтін кадрларды даярлаудың жаңа тәсілдерін әзірлеуді талап етеді.

Жоғары белгісіздік жағдайында қызметкерлер жұмыс берушілердің өзгеретін талаптарына тез бейімделуге және осылайша еңбек нарығында үнемі сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін қажетті дағдылар мен білімге ие болуы керек. Заман талабына сай болу үшін білім беру жүйесі сыртқы және ішкі байланыстарды ауқымдандырып, қоғам талап еткен өзгерістерге қабілеттілік танытып, қоршаған орта мен денсаулықты сақтауға, үздіксіз оқу үдерісіне дайын болуға тәрбиелеу үшін икемді болғаны абзал. Қазір бүкіл әлемде білім берудің экожүйелік тәсілін дамытуға қызығушылық жоғары.

дылығын одан әрі арттырады.

Болашақта білім беруді болжайтын ең маңызды және перспективалы тенденциялардың бірі – қазіргі уақытта жаңадан пайда бола бастаған түрлі білім беру экожүйелерін құру үрдісі. Экожүйе қалыптасқан дәстүрлі білім беру жүйесін алмастырмайды, алайда оны жеке және ұжымдық оқыту үшін көпөлшемді кеңістік құра отырып, жаңа форматтар мен байланыс құралдары арқылы «кеңейтеді». Әлемдегі заманауи білім берудегі экожүйені қалыптастырудағы таңғаларлық тенденция көпвекторлы ынтымақтастық тенденциясы екені белгілі. Ынтымақтастық мәселелері басымдыққа айналуға, ол алдағы уақытта сөзсіз жалғасын табады.

Әртүрлі деңгейдегі дәстүрлі білім беру ұйымдарын бір ынтымақтастыққа байланыстыратын тік интеграцияның бұрыннан қалыптасқан нұсқалары да сақталады.

Білім беру экожүйелерінің конфигурациялары әмбебап болмайды. Дүниежүзілік қауымдастық әлі де осы мәселе бойынша пікірталас алаңына тиісті дәрежеде кіріктірілген жоқ. Бірақ бүгінгі таңда білім беру жүйелерінің әртүрлі нұсқалары бар екені анық.

ҚазҰУ-да әлемдік білім беру кеңістігіндегі жетекші университеттердің бірі ретінде білім беру экожүйесін қалыптастыру тенденциялары бұрыннан қалыптасқан. Бірлескен білім беру тәжірибелері табиғи түрде университет ішінде де, факультеттер арасында да, кейде білім беру бағдарламалары, сонымен қатар университеттер арасында да қалыптасады. Бұл желілік негізде ұйымдастырылған бірегей трансдисциплинарлық білім беру бағдарламаларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Мұндай же-

ҮЗДІК ОҚЫТУШЫҒА БЕС САУАЛ

1. Сіздіңше, ЖОО-ның «Үздік оқытушысы» қандай болуы керек? Қандай талаптарға (педагогикалық, психологиялық және т.б.) жауап беруге тиіс?
2. Дәріс оқитын пәніңіз бойынша оқу бағдарламасы көңіліңізден шыға ма? Сіздің ойыңызша, оны жетілдіру үшін не істеуге болады?
3. Білікті маман даярлауда қандай кемшін тұстарымыз бар, атай аласыз ба?
4. Қазіргі жастардың білім деңгейі қандай?
5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген көзқараспен келісесіз бе?

Федор МАЛЬЧИК,
Аналитикалық,
коллоидтық және
сирек элементтер
химиясы мен
технологиясы
кафедрасының
доценті,
«Электрохимиялық
өндіріс
технологиялары»
зертханасының
жетекшісі:



Білім алушыларға заманауи зертханалар қажет

1. Менің ойымша, ЖОО-ның үздік оқытушысы заман ағымы мен талабына сай қызмет етуі керек және ғылым саласындағы, жалпы қоғамдағы үрдістерді, өзгерістерді дер кезінде байқап, өзінің оқытатын пәнін соған лайықтағаны абзал. Қарапайым тілмен айтқанда, қоғамдағы өзгерістерге, жаңалықтарға сай өзінің оқытатын пәнін жаңартып отыруы тиіс. Демек, оқытушы өзінің жетілдіру арқылы білім алушыларды да сол деңгейге көтеруге жұмыс істеуі шарт. Қазір ақпарат заманы. Үздік оқытушы атына заты сай болмаса, несіне үздік аталып отыр? Айналасына, өзгерлерге үлгі-өнеге көрсете алатындай дәрежесі де, деңгейі де болғаны дұрыс. Сондықтан ол өз саласының озаты бола жүріп, өзгерістерге төтеп бере алатын әрі соған тез бейімделетін маман болуы тиіс.

2. Оқу бағдарламасына менің көңілім толады. Өзімнің пәнім бойынша оны жылда жаңартамын, жетілдіріп отырамын. Сондықтан оқу бағдарламасына өкпем жоқ. Бәрі өзімнің қолымнан өткеннен кейін тақырыпты қамтып, жан-жақты ашуға мүмкіндігім бар.

3. Маман даярлауда кемшін тұстарымыз көп, алайда жетістіктеріміз де аз емес. Егер химия саласы бойынша айтар болсам, осы салада дайындалып жатқан бола-

шақ мамандар жайына тоқталсам, онда білім алушылардың тәжірибе мен тағылымдамадан өтетін мейлінше дамыған зертханаларды көргіміз келеді. Жан-жақты жетілген заманауи зертханалар керек-ақ. Сондай-ақ ғылыми мақалалардың әлемдік қорына бізде қолжетімділік болғанымен, ол толық емес. Ал болашақ мамандардың өз саласы бойынша білімі мен білігін жетілдіруге ол міндетті түрде керек, бұл өте маңызды мәселе. Білім алушылардың өзіне қажетті озық ақпаратты пайдалануына толық мүмкіндік жасалса, нұр үстіне нұр болар еді.

4. Бұл өте күрделі сұрақ. Мысалы, мен маңайымдағы жастарға қарап бұған жауап бере алмаймын. Өйткені Қазақстандағы жастардың бәрімен бірдей таныс емеспін ғой. Сондықтан кесімді жауап айту оңай емес. Әрине, өте білімді жастар бар, білім алуға, оқуға құштар жастарды көріп жүрміз, керісінше, білімге жауапсыз, сүлесөк қарайтын студенттер де кездеседі. Меніңше, олардың арақатынасы бірдей.

5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген пікірмен келіспеймін және сауатсызданып бара жатқан қоғамды да көріп отырғаным жоқ. Әрі көрмеймін деген ниеттемін.

Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ

Бангкокта ғылыми тәжірибеден өтті

Ғылыми тағылымдама докторанттардың мансабындағы маңызды кезең әрі олардың ғылыми және кәсіби дамуына артықшылық береді. Ең алдымен тағылымдама докторанттарға ғылыми ортада жұмыс істеудің құнды тәжірибесін алуға және өз саласындағы озық зерттеулер, әдістемелер, технологиялар және трендтермен танысуға мүмкіндік береді.



Тәжірибеден өту барысында докторанттар белгілі бір ғылыми бағыттағы білімдерін тереңдете алады, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгереді, бұл олардың кәсіби өсуіне ықпал етеді. Сонымен қатар тағылымдама докторанттарға басқа ғалымдармен, зерттеушілермен және мамандармен қарым-қатынас жасауға, тәжірибе, идеялармен алмасуға және ортақ ғылыми жобалар бойынша ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік береді.

Практика барысында докторанттар ғылыми (мысалы, зерттеу әдістері, деректерді талдау) және көшбасшылық сияқты жаңа дағдыларды игере алады, бұл олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Тәжірибеден өту нәтижесінде докторанттар ғылыми жарияланымдарға, халықаралық конференцияларда зерттеу нәтижелерінің презентацияларына қатыса алады. Бұл олардың ғылыми идеяларын таратуға және ғылыми мансабын көтеруге көмектеседі. Тағылымдама жаңа кәсіби байланыс орнатуға, ғылыми қоғамдастықта байланыс желісін құруға және болашақ зерттеу-

лер үшін ықтимал серіктестіктерге мүмкіндік береді.

Біздің университетімізде білім алып жатқан докторанттарда өз диссертациясының бағытына сәйкес таңдалған ғылыми жетекшісі қызмет ететін университеттерден ғылыми тағылымдамадан өтеді.

География және табиғатты пайдалану факультеті Картография және геоинформатика кафедрасы «Картография» мамандығының 3-курс докторанты Әсет Сағатбекқызы Таиланд мемлекетінің Бангкок қаласында орналасқан Азия технологиялық институтында ғылыми тәжірибеден өтті.

Азия технологиялық институты (АИТ) Су шаруашылық және басқару департаментінде қолданылатын ғылыми-зерттеу әдістерімен танысып, «Балқаш көлі бассейніндегі өзендер ағынының маусымдық ауытқуын ЖҚЗ негізінде модельдеу және болжау» тақырыбында кафедра профессорларымен талқылап және кеңес алып келді. АИТ ғылыми кітапханасында жұмыс істеп, диссертация тақырыбына қажетті материалдар қорын толықтырды.

Диссертацияның теориялық бөлігін жаңа деректермен толықтыру мақсатында Scopus, Clarivate Analytics, EBSCO, Scifencedirect, RSCI мәліметтер базасымен жұмыс істеді. Сонымен қатар өзінің ғылыми жұмысының жоспарына сәйкес, Балқаш бассейніндегі өзендер ағынының маусымдық ауытқуын болжау бойынша Convolutional neural network (CNN), long short-term memory (LSTM) network, Soil and Water Assessment Tool (SWAT) модельдерін талдаумен айналысты. Маусымдық өзен ағынына баға беретін параметрлерді (қар жамылғысы, жер беті, ауа температурасы, жауын-шашын) ғарыштық түсірілімдер негізінде модельдеуге көбірек көңіл бөлді.

Қазір аталған университеттен ғылыми тәжірибе жинақтау барысында алынған ақпараттарды пайдаланып, ғылыми басылымға мақала жазылуда.

Ақтоты БЕКЖАНОВА,
Картография және
геоинформатика
кафедрасының оқытушысы

Медицина қызметкерлерімен

Дені сау ұлт – мықты мемлекеттің негізі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауында медицина саласындағы өзекті мәселелер назардан тыс қалған жоқ. Осыған орай, жақында емхана дәрігерлері физика-техникалық факультетінің студенттерімен кездесу өткізіп, «Туберкулездің алдын алу», «ВИЧ/СПИД», «Темекі шегу мен алкоголизм» деген тақырыптарда мәліметтер айтты.

Кездесу



риялардың азғана мөлшерімен дем алуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы қабілеті бар, мысалы, науқас адам жөтелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микробактерияларды бөледі екен. Олар еденге, заттарға шаңмен бірге тұнады және көптеген жылдар бойы өміршең болып қалуы мүмкін

екенін ескертіп айтты. Сонымен қатар туберкулездің алдын алу шараларын сақтап жүрулерін міндеттеді. Әрине, ең басты қағида – салауатты өмір салтын ұстану. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, денешынықтырумен айналысу, жеке гигиена ережелерін сақтау, толыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақтылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

Бұл мақсатқа жетудің ең дұрыс жолы – күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру екенін студенттерге мейлінше толық түсіндіріп айтып берді. Студенттердің көкейкесті сұрақтарына толық жауап бере білді. Білім алумен қатар, осындай іс-шаралар болып тұрғаны өте дұрыс деп ойлаймын. Емхана қызметкерлеріне алғысымыз зор.

Эльмира ЗҮЛБҰХАРОВА,
Жылуфизика кафедрасының
аға оқытушысы


Су ресурстары адам өмірінде және экожүйелерде маңызды рөл атқарады әрі оларды тиімді бақылау және басқару тұрақты дамуды қамтамасыз етудің ажырамас міндеті болып саналады.

Іле өзені су қорының өзгеру динамикасы

тік алқаптар алып жатыр. Яғни бассейнің 70 пайызы осы егістік алқаптарды суаруға жұмсалады.

Қазақстандық экологтер «Балқаш көлін экологиялық апат күтіп тұр» дейді. Себебі Балқаш көлі негізгі су қорының 80 пайызын Іле өзенінен алады. Іле өзенінің су көлемі жыл сайын төмендеп келе жатыр. Мысалы, Іле өзенінің Қытайдан бастау алатын жерінен Қазақстанға өтетін арнасында ең аз дегенде 12 кубокилометр ағынды сақтау қажет болатын. Бірақ қазір ол 8 кубокилометрге дейін қысқарды. Сондықтан ІББ бассейніндегі су қоры мәселесін шешу бүгінгі таңда Қазақстан экологиясы мен экономикасы үшін аса өзекті.

Жоғарыда айтылған мәселеге қатысты біз Іле өзенінің соңғы 20 жылда суының қаншалықты қысқарғанын бақылайтын бағдарлама құрастыруға бел будық. Ол үшін алдымен Іле өзенінің суреттерін қашықтан зондау спутниктеріндегі суреттерден алу керек. Ол спутниктің суреттері барлығы Google Earth Engine платформасында сақталған. Google Earth Engine – бұл құрғақтылық, табиғи апаттар, суды басқару, климатты бақылау және қоршаған ортаны қорғау сияқты маңызды әлеуметтік мәселелерді шешу үшін Google-дің үлкен есептеу мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік беретін планеталық масштабтағы геокеңістіктік талдауға арналған бұлтты платформа. Осы платформада Landsat спутнигі түсірген Жер планетасының суреттері 1970 жылдан бастап сақталған. Суреттер 16 күн сайын жаңартылып тұратындықтан, біз Іле өзенінің Қытаймен шекаралас бөлігінің суреттерін жинақтадық. Барлық операциялар Google Earth Engine платфор-



Иле-Балқаш бассейні

масында орындалады, яғни осы платформада спутник суреттерінен қандай да бір есептеу формулаларын, суреттен су, құм, жасыл алқап сияқты аудандарын анықтауға болады.

Спутник суреттерін жинақтаған соң, келесі қадам осы суреттерді сүзгіден өткізу керек. Себебі 1970 жылдан бері 16 күн сайын суреттердің барлығын қолданатын болсақ, біріншіден, платформаға өте ауыр болады, талдау жұмысы бірнеше күнге созылады; екіншіден, бізге бұлтты күндері түсірілген және өзендерде су тартылатын маусымдағы суреттер қажет емес. Яғни біздің талдау жұмысымызға тек ашық, маусым-тамыз айларында ғана түсірілген суреттер керек, оның ішінде тек алғашқы 200 суретті қолданатын болдық.

Суреттерді сүзгіден өткізіп, маусым-тамыз айларында түсірілген таза 200 суретті бір коллекцияға сақтап қойдық. Енді осы суреттерден өзендерді анықтай алатын бағдарлама қажет. Яғни әр спутник

суреттерінен жылулық сәулелер арқылы сулы, құмды жерді, жасыл алқапты және мұздықтарды тануға болады. Сол әдістердің бірі – Виола-Джонс әдісі. Виола-Джонс әдісі – спутник кескіндердегі өзендерді анықтауға мүмкіндік беретін алгоритм. Бұл әдістің алгоритмі Google Earth Engine платформасындағы DATASET ішінде қолжетімді және біздің құралға сәтті қолданылды. Виола-Джонс әдісінің картадағы өзендерді анықтаудың мысалын төмендегі суреттен көруге болады.

Өзендер анықталған соң, келесі қадам – Іле өзенінің Қытаймен шекаралас аумағының ені қалай өзгергенін бақылау және есептеу. Ол үшін біз осы бағдарламаға өзен енін анықтап, оны ортогональды сызық бойынша есептейтін алгоритм енгізуіміз керек.

Бұл жерде ортогональды бағыттарды алу үшін кескіннен тура өзен ортасын белгілеп аламыз. Бағдарлама сол бөлікті 9x9 пиксельдік сурет қылып оқиды. Сосын өзеннің ені

осытық сызықтың әрбір пикселі үшін былай есептеледі. Біріншіден, ортогональды бағыт бойынша ұзындығы ең жақын сулы емес пиксельге дейінгі қашықтықтан үш есе (ω) болатын ω м сызықтық сегменті түзіледі (қызыл сызық), содан кейін алгоритм ω -ді ω бойындағы арна маскасының орташа мәніне көбейту арқылы өзеннің енін (ω) есептейді.

Осы алгоритмдерді қолданып, қосымша құрастырдық.

Картада барлық өзендер сары түспен белгіленген. Қажетті ауданды таңдау өзеннің орталық сызығын (сары) басу жеткілікті. Оң жағында ортасында 300x300 пиксель өлшемі бар өзеннің интерактивті стоп-анимациясы, gif форматында енгізілген, онда бүкіл көрсетілген кезең ішінде өзен енінің өзгеруі көрсетіледі. Бұл анимацияны жасау үшін Timelapse функциясы қолданылды. Оң жақ жоғарғы бұрышында уақыт аралығын таңдауға болатын слайдер орнатылған.

Іле өзенінің қажетті ауданын таңдаған соң, қосымша 2-3 минут ойланады. Сосын алынған нәтижелерді қолданушыға график түрінде көрсетеді.

Бұл график нәтижесі бойынша Іле өзенінің ені 1992 жылдан 2002 жылға дейін орташа 145 метр болған, сосын 2002 жылдан 2019 жылдары орташа ені 75 метр болған. Яғни өзеннің ені соңғы 20 жылда екі есе қысқарған.

Осы жасалған талдау жұмысының мақсаты Іле өзені суының азаюын спутник суреттері арқылы дәлелдеу болатын. Енді келесі қадам – 20 жыл сайын екі есе азайып жатқан су қорын тиімді әрі үнемді пайдаланудың әдістерін ойлап табу.

Қорыта келе, бүгінгі таңда су тапшылығымен Орталық Азия мемлекеттері жиі қақтығысады. Бірақ осы экологиялық мәселе зардабы бүкіл әлемге әсер етеді. Сондықтан су қорын уақытында бақылап, деректерден алынған нәтижелерге керекті іс-шараларды дер кезінде орындау қажет.

**Әсел ОСПАН,
Мәдина МАНСҰРОВА**

Каир халықаралық кітап көрмесі аясында шығыстанушы ғалым, академик Әбсаттар Дербісәліге арналған «Тәуелсіз Қазақстанда ислам мәдениетін дамытудағы академик, шейх Әбсаттар Дербісәлінің қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға алыс-жақын елдерден зиялы қауым қатысып, ғалымның ғылым мен білімге, дипломатияға, елдің рухани өркендеуіне қосқан еңбектері туралы игі пікірлерімен бөлісті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде шығыстану факультетінің негізін қалап, ұстаздық қызмет еткен тұлға әрі шығыстанушы ғалым ретінде танылған Әбсаттар қажының ғылымдағы орны

Тарихи саңлақтармен таныстырған тұлға

және оған қосқан үлесі ұшан-теңіз. Діни қызметте жүрген шағында қолынан қаламы түспеген ғалым еліміздің және әлемнің мұрағаттарындағы сирек қолжазбалармен үздіксіз жұмыс істеді. Нәтижесінде ортағасырлық араб-парсы-түркі өркениетіне өзіндік үлес қосқан 200-ден астам түбі қазақ ойшылдарының аттарын әйгілі етіп, солардың ішінде 30-ға жуық Отырардан шыққан ғалымдарды танытты. Түркиядағы кітапханалар мен қолжазба қорларын айтпағанда, сонау Марокко мен Испания тәрізді мағриб елдеріндегі жәдігерліктерді жинаған ғалым тынымсыз ізденісінің нәтижесінде соңғы жылдары қазақ халқын Хұсамуддин ас-Сығнаки, һибатуллаһ ат-Тарази, Қауамуддин әл-Итқани тәрізді тарихи саң-



лақтармен таныстырып, кітаптарын бастырып шығаруға атсалысты.

Францияның Канн қаласында орналасқан Сократ атындағы халықаралық номинация-

лық комитеті тарапынан «Ғылымдағы есім» (The Name in Science) құрмет сыйлығымен марапатталған Әбсаттар Бағысбайұлы дипломатиялық қызметте де өзін халқын шын

сүйген, міндетіне адал, шәкірттерге жанашыр әрі қамқоршы ретінде танытқан азамат. Бүгінгі күні шығыстану факультетінде өзі оқытып, тәрбиелеген шәкірттерінің бірқатары ел аумағынан тыс алыс-жақын елдерде дипломатиялық қызмет етуде.

Әбсаттар қажының өмір жолы мен ерен еңбегін еске алуға арналған Нілдің жағасында өткен конференцияға шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы, Арабтану орталығының директоры Е.Шоқай қатысып, университет ректоры Ж.Түймебаевтың конференцияға қатысушы зиялы қауымға құттықтау сөзін жеткізіп қайтты.

Әбсаттар Бағысбайұлының еңбегі мен артында қалған рухани әрі ғылыми мұрасының ғасырлар бойы адамзатқа пайдасы тие береді деп сенеміз.

**Дариға КӨКЕЕВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының меңгерушісі,
филос.ғ.к., доцент**

Тіл мен мәдени мұра зерттеледі

Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты түркі халықтарының ежелгі түркі руникалық ескерткіштерін құжаттау және цифрландырумен айналысады. Сондай-ақ түркітану және алтайтану бойынша синхрония мен диахрониядағы тілдер мен мәдениеттердің өзара әрекеттесуін талдап, олардың тілі мен мәдени мұрасын зерттеумен айналысатын басты ҒЗИ.



Дулатидің туғанына – 525 жыл, ағартушы-педагог, тіл білімінің негізін салушы, түрколог, профессор Құдайберген Жұбановтың туғанына – 125 жыл, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, қоғам қайраткері, геология ғылымының докторы, профессор, КСРО Ғылым академиясының, Қазақстан Ғылым академиясының академигі Қаныш Сәтбаевтың туғанына – 125 жыл, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Рабиға Сыздықованың туғанына – 100 жыл, филология ғылымының докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, түрколог, Ұлы Отан соғысының ардагері Әбдуәлі Қайдаровтың туғанына – 100 жыл, филология ғылымының докторы, профессор, түркітанушы ғалым Алтай

Аманжоловтың туғанына – 90 жыл, жазушы, аудармашы, сыншы Герольд Бельгердің (Гарри Карлсон) туғанына – 90 жыл, Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл сынды атаулы даталармен байланысты семинарларын өткізіп, мол тәжірибе жинақтады.

Семинар соңында ҒЗИ атқарушы директоры, филология ғылымының докторы, профессор Нұрсұлу Шаймерденова барлық қатысушыларға алғысын білдіріп, докторанттардың дайындық деңгейін жоғары бағалап, шығармашылық табыс тіледі.

Бақыт ҚОРДАБАЙ,
«Лингвистика» мамандығының 2-курс докторанты
Перизат МЕДЕТБЕКОВА,
Түркітану және тіл теориясы кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Тұрақты даму мақсаттарының №6 – «Таза су және санитария» бағыты бойынша ауызсу бұрқағы орнатылды.

Ауызсу бұрқағы орнатылды



– дейді 1-курс студенті Мәдина Қуандықызы.

Таза ауызсу бұрқағы студенттер көп жүретін Әл-Фараби кітапханасының алдындағы аллеяға қойылды. Алдағы уақытта 24 ауызсу бұрқағын ор-

нату жоспарланып отыр. Аталған ауызсу бұрқақтары барлық оқу корпустарына, кітапханаға және әкімшілік ғимараттарына қойылмақ.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Гуманитарлық көмек пункті ашылды

ҚҰРМЕТТІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ
ОҚЫТУШЫЛАРЫ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Елімізде су тасқынынан зардап шеккендерге ерікті түрде гуманитарлық көмек беру үшін арнайы гуманитарлық пункті ашылғанын хабарлаймыз.

ЖӘРДЕМ ҚАБЫЛДАУ ОРНЫ:
ҚазҰУ қалашығы, Технопарк аймағы, 1-қабат.
Қажетті заттар:
жаңа киім-кешектер (аяқ-киім, сырт киім, бас киім), гигиеналық заттар, көрпелер, бұзылмайтын тағамдар, ауызсу, тұрмыстық заттар.

ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ:
KASPI: 8 778 469 08 07 Дана Д.

ҚАБЫЛДАУ УАҚЫТЫ:
09.00 ден 17.00 ге дейін

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ:
8 707 562 85 04 - Жанар Сартбай, Арт-орталығының директоры
8 701 311 34 14 - Берік Дихан, Студенттер қалашығының маманы
8 708 843 29 24 - Бақытгүл Сатыбалдиева, Студенттер қалашығының маманы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының 1-курс магистранты Баянсұлу Өтегенова Польшаның Торунь қаласындағы Николай Коперник университетінде тағылымдамадан өтеді.

Н.Коперник университетінде білімін шыңдайды

ҚазҰУ магистранты жаратылыстану ғылымдары бойынша білім алып жүрген студенттерге арналған жазғы бағдарламаға қатысады.

Николай Коперник университеті – Польшадағы ең көне университеттердің бірі және осы елдегі ең үздік 10 мемлекеттік жоғары оқу орнының қатарында. Білім ордасында 17 факультет бар. Онда 100-ден астам мамандық поляк және ағылшын тілдерінде оқытылады.

Николай Коперник университетіндегі жазғы мектеп 2024 жылдың 1 шілдесі мен 28 шілдесі аралығында өтеді. Бұл жаратылыстану ғылымдарына қызығушылық танытатын студенттер үшін химия ғылымдары, биохимия және биотехнология сияқты салаларда төрт апталық жазғы зерттеу жобасын өткізуге тамаша мүмкіндік.

Магистрант Баянсұлу Өтегенова польшалық профессор Мирослав Спринскийдің жетекшілігімен



«Химиялық түрлендірілген диатомды биокремнезем негізінде жараларды емдеуге арналған қан кетуді тоқтататын (гемостатикалық) препарат» жобасы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуді жоспарлап отыр.

ҚазҰУ-да Б.Өтегенованың жобасына ғылыми жетекшілікті химия ғылымының докторы, Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының профессоры Әлия Оспанова жүзеге асырады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.